

№ 9 «Балауса» бөбекжай-балабақшасы

№ 9 «Балауса» бөбекжай-балабақшасының 2023-2024 оқу
жылының

«Театр түрлері» үйірмесінің жылдық жұмысы





Бекітемін:

№9 «Балауса» бөбекжай-балабақшасы

менгерушісі: Ш.Мүберекова

«Театр түрлері» үйірмесінің жылдық жоспары

2023-2024 оқу жылы

№	Тақырыптары	театр түрі	Мерзімі	Қай топпен жүргізілді	Кіммен жүргізілді	Жауапты
1	Шалқан	Үстел үсті театры	Қазан 2023	«Балақай» ересек тобы	Жантас Сұлтан Ғалымбекқызы А Жүрекбай Е Молдабаев Д Рысдаулет Е Алмат Асылы	Үйірме жетекшісі Бектурганова Ф
2	Бауырсақ	Саусақ театры	Қараша 2023	«Балақай» ересек тобы	Дүйсенбай Б Жеңісбек М Рысдаулет Ж Жаңабай А Жантас С Молдабаев Д	Үйірме жетекшісі Бектурганова Ф
3	Жеті лақ	Үстел үсті театры	Желтоқсан 2023	«Балақай» ересек тобы	Жантас С Ғалымбекқызы А Жүрекбай Е Молдабаев Д Рысдаулет Е Алмат А	Үйірме жетекшісі Бектурганова Ф
4	Мақта қыз бен мысық	Сахналық қойылым	Қаңтар 2024	«Балақай» ересек тобы	Айтас А Жеңісбек М Болат Қ Рысдаулет Ж Жантас С	Үйірме жетекшісі Бектурганова Ф
5	Тырна мен түлкі	Көлеңке театры	Ақпан 2024	«Балақай» ересек тобы	Молдабаев Д Айтас А	Үйірме жетекшісі Бектурганова Ф
6	Тышқан мен мысық	Қасық тетры	Сәуір 2024	«Балақай» ересек тобы	Рысдаулет Ж Жеңісбек М	Үйірме жетекшісі Бектурганова Ф
7	Қошқар мен теке	Сахналық қойылым	Мамыр 2024	«Балақай» ересек тобы	Жантас С Жүрекбай Е Рысдаулет Ж Жаңабай А Айтас А	Үйірме жетекшісі Бектурганова Ф
8	Үйшік	Үстел үсті театры	Маусым 2024	«Балақай» ересек тобы	Топ тәрбиешілері	Үйірме жетекшісі

						Бектурганова Ф
9	Қызыл телпек	Саусақ тетры	Шілде 2024	«Балақай» ересек тобы	Айтас А Жаңабай А Жүрекбай Е Молдабаев Д	Үйірме жетекшісі Бектурганова Ф
10	Күн іздеген достар	Суретті тақырыптар театры	Тамыз 2024	«Балақай» ересек тобы	Топ тәрбиешілер	Үйірме жетекшісі Бектурганова Ф

Тақырыбы: «Шалқан» ертегісі

Мақсаты: Шалқан ертегісін сахналау арқылы балалардың ақыл-ойын,

княльді дамыту, үй жануарларының дыбысын ажырата білу.

Балаларды достыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.

Қатысушылар: Дүйсен Азамат, Қарғабай Бекнұр, Алтынбай Тоғжан, Толыбай Тоғжан, Берекетов Еркнат, Дүйсенбай Бекарыс, Бектас Балжан.

Автор: Ерте, ерте, ертеде бір кемпір мен шал өмір сүріпті. Олар үй шаруашылығына, ата есіктің алдына шалқан есіпті. Күндердің бір күнінде Шалқан күннің ыстық сәулесімен үлкен болып өсіпті. Осы кезде ата шалқанына тамсанып қарайды.

Азамат: Ой, бәрекедді, менің еккен шалқаным үлкен болып өсіпті. Бәріне жететін болды.

Автор: Осылай ата еңбегіне қуанып шалқанды тартпақшы болады. Әрі тартады, бері тартады, шалқанды жұла алмай қояды. Сөйтіп көмекке кемпірін шақырады.

Азамат: Ойбай, шаршап кеттім, белім де ауырады. Қой көмекке кемпірімді шақырайын.

- Кемпірім, кемпірім, көмекке келші, қарашы шалқанымыз үлкен болып өсіпті, жалғыз өзім тарта алмай қойдым. Кел, екеуіміз бірге тартайық!

Тоғжан: Ой, шынында үлкен болып өсіпті ғой! Кел, тартсақ тартайық!

Автор: Осылайша атаның артынан ұстап әрі тартады, бері тартады. Бірақ шалқанды орнынан қозғалта алмайды. Кемпір қызын көмекке шақырады.

Тоғжан: Қызым, қызым, бізге көмекке келші. Атаң еккен шалқанды жұла алмай жатырмыз.

Балжан: Жарайды апа сізге көмектесемін.

Автор: Сонымен қызы көмекке келіп, шалқанды рет-ретімен тартады. Бірақ күштері жетпейді. Сонымен қыз көмекке итін шақырады.

Балжан: Итім, итім көмекке келші.

Бекнұр: Аф-аф-аф көмектес десендер көмектесемін.

Автор: Ит қыздың етегінен, қыз кемпірдің етегінен, кемпір шалдан, шал шалқаннан ұстап әрі тартады, бері тартады, бірақ шалқанды суыра алмайды. Енді ит көмекке мысықты шақырады.

Бекнұр: Мысық, мысық, бізге көмекке келші, атам еккен шалқанды жұла алмай жатырмыз.

Еркнат: Мяу-мяу, көмектесіп жіберейін.

Автор: Мысық иттің құйрығынан, ит қыздың етегінен, қыз кемпірден, кемпір шалдан, шал шалқаннан ұстап әрі тартады, бері тартады, бірақ шалқан шықпайды. Енді мысық көмекке тышқанды шақырады.

Еркнат: Тышқан, тышқан, маған көмектесіп жіберші.

Бекарыс: Әрине көмектесіп жіберемін. Олар тарта-тарта шалқанды суырып алады.



Тақырыбы: «Бауырсақ» ертегісі

Мақсаты: Балалардың ертегіге қызығушылығын ояту, ойын еркін жеткізуге баулу, ертегі кейіпкерлерін рольдерге бөліп сахналау, қиялын шыңдау. Бауырсақ ертегісінің қойылымын көрсету арқылы балалардың танымдық белсенділігін арттыру. Балаларды кішіпейілділікке, мейірімділікке өзара сыйласып, достық қарым-қатынаста болуға, бірін-бірі құрметтеп, үлгі тұтуға тәрбиелеу.

Автор: Ерте, ерте, ертеде,
Ешкі жүні бөртеде.
Сол бір ғажап өлкеде,

Бір әже мен ата болыпты. Бірде ата әжеге:

Шал: - Кемпір-ау, маған бауырсақ пісіріп берсеңші

Кемпір: - Неден пісірейін? Ұн жоқ қой

Шал: - Әй, кемпірім-ай! Қойманың түбін қырнап көрсең ғой бауырсақтық ұн табылып қалар.

Автор: Әжей қойма түбін қырып-қырнап екі уыс ұн табады да, қаймаққа шылап, қамыр илеп, бауырсақты майға пісіріп, терезе алдына суытқалы қояды. Жата-жата жалыққан бауырсақ терезе алдынан үйдің іргесіне домалап түседі, іргеден көгал үстіне домалайды, көгалдан жылжып жолға жетеді. Одан әрі жолмен зырлай жөнеледі. Бауырсақ жолда зымырап бара жатса, қарсы алдынан қоян шыға келеді.

Қоян: - Бауырсақ! Бауырсақ! Мен сені жеп қоямын!

Бауырсақ: - Жоқ, сен мені жемеші, мен саған өлең айтып берем,
Мен атамнан да қаштым,
Мен апамнан да қаштым.
Сенен де қашып кетемін

деп.

Автор: - Бауырсақ жалғыз аяқ жолмен келе жатса, оның алдынан қасқыр шыға келіп:

Қасқыр: - Бауырсақ! Бауырсақ! Мен сені жеймін

Бауырсақ: - Сен мені жеме, мен саған өлең айтып берейін

Мен атамнан да қаштым,
Апамнан да қаштым.
Қояннан да қаштым
Қасқыр сенен де қашып кетемін-деп

Автор: - Бауырсақ орман ішімен домалап келе жатса оған аю шығады.

Аю: - Әй, бауырсақ! Мен сені жеймін.

Бауырсақ: - Сен мені жеме, мен саған өлең айтып берейін.

Мен атамнан да қаштым,
Апамнан да қаштым.
Қояннан да қаштым,
Қасқырдан да қаштым.
Аю сенен де қашып кетемін-деп

Автор: - Осылай бауырсақ әрі қарай домалай жөнеледі. Алдынан түлкі шығады.

Түлкі: - Амансың ба, бауырсақ! Мен сені жеймін

Бауырсақ: Мені жемеші мен саған өлең айтып беремін.

Мен атамнан қаштым,
Апамнан да қаштым.
Қояннан да қаштым,
Қасқырдан да қаштым.
Аюдан да қаштым,

Түлкі. Мен сен жемеймін Әнің қандай тамаша. Сен қандай ақылдысың, алғырсың. Орманда саған жалғыз жүруге болмайды. Сен үйге қайт күтіп

Автор: Бауырсақ мақтағанға мээ болып үйіне қайтады. Бауырсақтың келгеніне ата мен әже қатты қуанады.



Тақырыбы: «Жеті лақ» ертегісі

Мақсаты: жеті лақ ертегісінің үзіндісіне тоқтала отырып бүлдіршіндердің қызығушылығын ояту. Сөздік қорын молайту, тіл байлығын дамыту, есте сақтау, дүние танымын кеңейту. Ертегінің мазмұнын еске түсіре отырып, тілдік қорларын байыту, ой өрістерін дамыту. Сұрақ -жауап арқылы ертегіні терең түсіндіру. Мимиканың дидактикалық ойын арқылы эмоциялы шығарылауын дамыту. Көңіл – күйлерін көтеріп, аяушылық сезімге, қамқоршы болуға тәрбиелеу..

Автор: Баяғыда бір ешкінің жеті лағы болыпты.Ешкі көк майсада шөп жеп, мұп-мұздай су ішуге орманға кетеді екен.Ол кетісімен лақтары үйшік есігінің күршегін іліп алып, өздері ешқайда шықпайды екен.Ешкі өрістен келген соң, есікті қағып:

- Лақтарым, шырақтарым!

Аша қойыңдар, аша қойыңдар!

Енелерің келді

Сендерге сүт әкелді

Емешегім иіп тұр.

Аппақ сүтім тамшылап,

Тұяғыма тиіп тұр! –

Автор: деп өлеңдетеді екен. Жеті лақ есік күршегін ашып енелерін кіргізеді.Ешкі лақтарын сүтке тойғызып, қайтадан орманға кетеді.Ал, лақтары есікті мықтап жауып алады. **Автор:**Ешкі орманға кеткенін байқап

Қасқыр: О, мына орманда ешкі де тұрады екен ғой!Өзінің неше лағы бар, оңай олжаға тап болдым ғой.Қарным бір тоятын болды.(деп қарнын сипап қояды.)

Автор:Ешкінің өлеңін қасқыр тыңдап тұрады.Ешкі орманға кетісімен, қасқыр есікке келіп жұп-жуан даусымен.

Қасқыр: О, Лақтарым!Ой шырақтарым!

Аша қойыңдар, Аша қойыңдар!

Енелерің келді-

Сендерге сүт әкелді

Тұяғым шылыққан су.

Автор: -дейді өлеңдетіп.

Лақтар: -Естідік, естідік-біздің енеміздің даусы жіңішке, өлеңі де бұдан баска. – дейді.

Автор:Қасқыр не істесін.Ұстаға барады да, көмейіне жіңішке тіл салып беруін сұрайды.Өлең айтқанда даусы жіңішке шықсын деп ұста көмейіне жіңішке тіл салып береді.

Қасқыр: О, ұста менің көмейіме жіңішке тіл салып бер әйтпесе жеп қоямын.

Ұста: Қолымнан келмейді.

Қасқыр: Жеп қоямын, жіңішкертіп бер - дейді.

Автор: Үйшіктің жанына келеді де, бұта арасына жасырынады. Өрістен ешкі келеді. Есікті қағып.

Лақтар: Бұл кім?

Ешкі: Лақтарым, шырақтарым!

Аша қойыңдар!

Енелерің келді-

Сендерге сүт әкелді

Емешегім иіп тұр.

Аппақ сүтім тамшылап,

Тұяғыма тиіп тұр!-

Автор: дейді әндетіп

Лақтар есік ашып, енесін кіргізеді. Бәрі қасқырдың қалай келгенін, өздерін жемек болғанын анасына айтып береді. Ешкі кетерінде:

-Егер біреу келіп, мен айтатын өленді түгел айтпаса және даусы жуан болса есікті ашпаңдар,-деп қатты тапсырады.

Автор: Ешкі кетісімен қасқыр есікке келеді. Содан жіп-жіңішке даусымен.

Қасқыр: Лақтарым, шырақтарым!

Аша қойыңдар, аша қойыңдар!

Енелерің келді-

Сендерге сүт әкелді

Емешегім иіп тұр.

Аппақ сүтім тамшылап,

Тұяғыма тиіп тұр! –деп әндетеді. Лақтар анасы екен деп есікті ашады.

Қасқыр: О, шырақтарым менен қорықпаңдар. Мені сендерге енелерің жіберді, аналарын орманда күтіп отыр,-дейді. Лақтар қасқырдың соңынан еріп жүре береді.

Автор: Ешкі өрістен келеді, өлеңін қанша рет қайталайды. Үн жоқ. Қараса есік ашық, үйге кірсе, бір лақ қалмаған. Пештің ішін қараса, жалғыз лағы қалыпты. Лақтарынан айрылған ешкі есігінің алдына отырып жылай береді.

Лақ:Апа, сіз жокта, қасқыр сіздің даусыңызды салып, сіздің өлеңіңізді айтты.Біз есік аштық.Қасқыр бізді алдап бауырларымды орманға алып кетті.

Автор:Ешкі орманда аңшыны көріп жылап көмек сұрайды.


Ешкі:Аңшы, маған көмек беріңіз!Қасқыр менің лақтарымды алдап, орманға алып кетіпті.
Аңшы:О, жүр мен оның сазайын тартқызайын.

Ешкі аңшыны ертіп қасқырдың ұясына келеді.

Қасқыр:Ой, мынау аңшы гой, қолындағы мылтығы ма?Қой атып тастамай тұрғанда кашайын.

Лақтар:О, анамыз келді, апа кешіріңіз енді есікті ешкімге ашпаймыз,-деп жылайды.

Автор: Ешкі лақтарымен табысып, орманда бақытты өмір сүреді.



Тақырыбы: «Мақта қыз бен мысық»

Мақсаты: Ертегілер туралы білімдерін күшейту. Сөйлеу мәдениетін, еркін сөйлеп, өз ойларын дұрыс жеткізу. Баланың сөздік қорын дамыту, сөз өнеріне деген құрмет. Балаларды еңбекке, татулыққа тәрбиелеу.

Мақта қыз үйін жинап жүреді. Дән тауып алады. Мақта қыз мысықты шақырады.

Мақта қыз: Мысығым менің қайдасың? Мәу? Келе ғой.

(Мақта қыз жан - жағына қарайды. Ашуланады).

Мақта қыз: Келмесең, өз обалың өзіне.

(Мақта қыз дәнді өзі жеп қояды. Бір кезде асықпай мысық келеді).

Мысық: Мақта қыз, сен мені неге шақырдың?

Мақта қыз: Айтпаймын.

Мысық: Ендеше мен сенің қатығыңды төгемін.

(Мысық Мақта қыздың қатығын төгеді).

Мақта қыз: Сол үшін мен сенің құйрығыңды кесіп аламын.

(Мақта қыз мысықтың құйрығын кесіп алады).

Мысық: Берші құйрығымды?

Мақта қыз: Қатығымды қайтарып бер.

(Мысық сиырға барады).

Мысық: Сиыр, сиыр, маған қатық берші.

Сиыр: Менің қарным ашты. Маған жапырақ әкеліп берші.

(Мысық ағашқа барады).

Мысық: Ағаш, ағаш, маған жапырағыңнан берші.

Ағаш: Мен шөлдеп тұрмын, су әкеліп берші. Сонда мен саған жапырақ беремін.

(Су әкеле жатқан қызға келеді).

Мысық: Маған суыңнан берші.

Қыз: Сен маған сағыз әкеліп берші, мен саған су беремін.

(Мысық дүкенге барады).

Мысық: Дүкенші, дүкенші, маған сағыз беріңізші.

Дүкенші: Сен маған тауықтың жұмыртқасын әкеліп берсең, мен саған сағыз беремін.

(Мысық әбден шаршайды. Жұмыртқаны іздеп, тауықтарға барады).

Мысық: Тауық, тауық, маған жұмыртқаңнан берші.

Тауық: Менің қарным ашты, сен маған дән әкеліп бер.

(Мысық не істерін білмей отырады. Бір кезде ін қазып отырған тышқанды көреді).

Мысық: Үйінде не бар? Айт тез. Өйтпесе жеп қоямын.

Тышқан: Үйімде бір қап тары бар.

(Тышқан қорқып тұрады).

Мысық: Маған бір уыс тары бер:

Тышқан: Мә - ә - ә - ә ала ғой.

Мысық: Тауық, тауық, міне дән саған.

Тауық: Міне саған жұмыртқа.

(Тауық дәнді алып, жұмыртқаны тәрелкеге салып береді).

Мысық: Дүкенші, дүкенші, міне жұмыртқа. Маған сағыз беріңізші.

Қыз: Алақай, мысық маған сағыз әкелді. Міне саған бір шелек су.

(Мысық суды ағаштың түбіне құяды).

Ағаш: О, рахат қандай. Міне саған жапырағым.

Мысық: Сныр, сныр, жапырақты ал. Маған қатығыннан берші.

Мысық: Мақта қыз, міне сенің қатығын, ал.

Мақта қыз: Көрдің бе, мысығым, дән же деп шақырғанда, келмедің. Айтқан тілді алмадың, құйрығыңнан айырылдың.

Мысық: Ке - е - е - е - шірші, мяу - у - у. Мен енді бұнық болмаймын. Айтқаныңды тыңдаймын.

Мақта қыз қатығын алып, мысықтың құйрығын қайтарады. Сөйтін, екеуі тату дос болып қалды.



Тақырыбы: «Қошқар мен Теке»

Мақсаты: ертегі кейіпкерлері туралы білімдерін кеңейту;

- ойлау, қайта жаңғыртып еске түсіру арқылы қиялдай білуге үйрету;
- ертегілер арқылы балаларды адамгершілікке, мейірімділікке және адалдыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу;
- қиялдау, мәнерлеп сөйлеуге баулу, шығармашылық қабілетін дамыту.

Ерте,ерте,ертеде Қошқар мен теке өмір сүріпті.Екеуі жақсы дос,бір біріне қамқор,серік болыпты.

Теке аңқау,аңғал,қорқақ мінезді екен.Ал қошқар болса ақылды,момын,қайратты еді.

Қошқар мен теке қораға келіп,астауды айналып су ішкілері келіп су іздейді.

Теке:- Мээ,мээ ,мына шал қайда,бізге су бермейме

Қошқар:-Білмейм теке,ата пенсияға кеткен шығар

Теке:-Бұл уақытта келетін уақыты болдығо

Қошқар:- Әлде қасқырлар алып кеттімекен

Теке:-Ойбай,ойбай енді не істейміз

Қошқар:-Жүр кеттік,атаны іздеп келейік-дейді де қошқар жүріп кетеді.Артынан секеңдеп теке сөйлейді.

Теке:-Қошқар бұл қалай,малдың адамды іздегені қалай болады екен а?-деп маңырап қошқардың ізінен ере кетеді.

Қошқар мен теке орманды жағалап келеді.Кенет қасқырларды көреді.

Теке:- Қошқар анау алдында бізден таяқ жеген қасқырлар емеспе?

Қошқар:-Білмейм теке,қастарына жақындап барып көрейік.

Екеуі қасқырлардың жанына жақындайды.Теке қошқардың артында тұрып айқайлайды:

Теке:- Атааа,атааа,ата қайда,шығарыңдар атаны

Қасқыр:-Теке сен не қошқардың артында тұрып құтырып тұрсың.Атаны алу үшін біздің шартымызды орындандар.

Қошқар:- Ал айтып көр,ол қандай шарт

Қасқыр:-Қошқар екеуміз ортада биден жарысамыз

Қошқар:-Жооок,менің орныма теке билеп береді

Қошқар текенің артынан итеріп жібереді.Музыка қосылады.Ән кетеді.

Қасқыр мен теке билейді. Екеуі билеп жатқанда ,қошқар талдың артынан жәймендеп атаны босатып алады да қаша жөнеледі.Текеде билеп жүріп айналып қашып кетеді.

Сол кезде қасқыр:

-Қап бәлем,мыналар бізді тағыда алдап кетті ме-деп жерге отыра қалады.

Қошқар теке ата үшеуі келе жатады.

Ата: -Жарайсындар,қошқар мен теке болмаса ,жүріңдер үйге су берейін-дейді

Теке:- Иә,су,су,шөлдедімм

Үшеуі көңілді сахнадан шығып кетеді.


Қошқар- Берекетов Ерқанат

Теке- Бектас Балжан

Қасқыр- Қойшыбаев Арман

Қасқыр- Толыбай Тоғжан

Ата- Асылбек Нұрали



Тақырыбы: «Тышқан мен мысық»

Мақсаты: Балаларды танымдылық көркем әдебиет шығармасымен таныстыру, әдеби шығарма кейіпкерлерімен таныстыра отырып ойын жеткізуге үйрету, сөздік қорын дамыту.

Мысық пен тышқан дос болыпты. Бір күні екі дос келе жатып, бір құмыра май тауып алыпты.

Мысық білгірсініп:

— Құмырадағы майды қыста жейік, – деп, шұңқыр қазып, көміп тастапты. Күндер өте береді. Қыс келеді. Аяз қысып, қарны ашып жатқан мысықтың есіне өзі көміп қойған құмырадағы май түсіпті. Енді мысық сылтауратып:

— Тышқан, менің апам ұл тауыпты, соған той жасайды екен, мені шақырып кетті, – дейді де кетіп қалады. Сонан соң құмырадағы майдың төбесін ғана ойып жеп қайтады. Алдынан тышқан шығады.

— Бөбектің атын кім қойдыңдар? – деп сұрайды.

— Төбелше қойдық, – дейді мысық.

Келесі күні мысықтың тағы да қарны ашады. Құмырадағы май есіне түседі. Тышқанға келіп:

— Менің тағы бір апам ұл тауыпты, тойға шақыртыпты, барайын, – деп, кетіп қалған мысық майды орталай жеп алады. Тышқан тағы да алдынан шығады.

— Е, бөбектің атын кім қойдыңдар? – деп сұрайды.

— Белдемше қойдық, – дей салады мысық. Бірнеше күннен кейін мысықтың тағы да қарны ашып, құмырадағы майға бармақ болып, тышқанға келеді:

— Менің тағы бір апам бар еді, сол ұл тапқан екен, шақыртыпты, – деп, кетіп қалады. Мысық құмырадағы майдың қалғанын жеп келе жатады. Алдынан тышқан шығады:

— Е, бөбектің атын кім қойдыңдар? – деп сұрайды.

— Қалдықша қойдық, – дейді мысық.

Бір күні қысқы аяз қысады. Далаға шығуға дэттері шыдамайды. Тышқан мен мысықтың қарны ашады, ашыға бастайды. Сол кезде тышқанның есіне өздері тығып қойған құмырадағы май түсіп, мысыққа айтады.

Мысық пен тышқан көмген майларына келсе, құмырадағы майдың жұғыны да қалмапты. Сонда тышқан:

— Им-м... білдім, білдім, – дейді ренжіп, – сен үш рет үйден шығып кетіп едің. Бірінші келгенде, төбесін жеп, Төбелше, екіншісінде ортасын жеп, Белдемше, үшіншісінде қалғанын жеп, Қалдықша дедің ғой, ә? – дейді.

Өз қулығын тышқан біліп қойған соң, дойыр мысық ашуға булығып, тышқанды бас салып талайды. Тышқан бір тесікке кіріп кетіп әрең құтылады. Мысық пен тышқанның достығы сонымен біткен екен.



Тақырыбы: «Тырна мен түлкі»

Мақсаты: ертегі мазмұнын түсіндіре отырып, балаларға адамгершілік тәрбие беру. Бала бойына достық, қамқорлық, кішіпейілділік қасиеттерін ояту. Ертегі мазмұны мен жағымды кейіпкерлерді ажыратуға баулу. Ертегі желісі бойынша тапсырмалар үйрету арқылы, кейіпкерлерді достыққа шақыру.

Ерте, ерте, ертеде түлкі мен тырна дос болыпты. Түлкі бір күні тырнаны қонаққа шақырыпты.

— Тырна, маған қонақ болып кет.

Тырна белгіленген уақытта келді.

— Кел, тырна, кел. Сені көргеніме қуаныштымын!

Түлкі тамақты екеуіне де тәрелкеге салды.

— Же, тырна достым, же, ұялма!

Тырна қанша тырысса да, түлкінің берген тамағын жей алмады. Ұзын тұмсығымен тәрелкені ары тоқылдатып, бері тоқылдатып, тамақты татып та көрмеді. Түлкі өзінің тәрелкесіндегіні тілімен жалап жеп қойды да тырнаға айтты.

— Кешір, тырнажан, саған беретін басқа менде ешнәрсе жоқ.

— Жарайды, сен де маған қонаққа кел — деді тырна.

Келесі түлкі тырнаға қонаққа келді.

— Амансың ба, тырнажан! Жағдайың қалай? Бәрі жақсы ма?

— Қайырлы күн, түлкішек! Сені күтіп отырмын.

Тырна түлкіні үйіне кіргізіп, үстелдің үстінде сұйық тамақ құйылған биік, жіңішке құмыраны беріп, айтады

— Же, түлкіжан, же, ұялма! Шамам келгенше дәмді дайындауға тырыстым.

Түлкі құмыраның ар жағына бір, бер жағына бір шығады, ал құмыраның мойыны жіңішке, ұзын. Түлкінің тұмсығы ең болмаса тілімен жалауға да жетпеді. Ал тырна тамақты ұзын тұмсығымен ішіп жатып, түлкіге қулана қарап қояды.

— Түлкі, сен неге ішпейсің? Менің тамағым ұнамай ма?

Түлкінің көңіл-күйі түсіп, қоштаспастан есікті қатты жауып, шығып кетті. Ал тырна болса қанатын қағып қала берді. Содан бері тырна мен түлкі дос болмайтын болды.



Тақырыбы: «Үйшік» ертегісі

Мақсаты: Балалардың ертегіге деген қызығушылықтарын арттыру. Ойын арқылы балалардың ой-өрісін дамыту. Үлкенді тыңдауға, сыйлауға, адамгершілікке тәрбиелеу.

Алаңда бір үйшік тұр еді. Жертесер тышқан оны көріп қалды.

-Неткен үйшік! Кімдікі бұл үйшік?

Ешкім жауап қатпады. Тышқан үйшікке кіріп, сонда тұра бастады. Секіріп бақылдауық бақа келді.

-Неткен үйшік! Үйшікте кім тұрады?

-Мен, жертесер тышқанмын. Ал сен кімсің?

-Мен - бақылдауық бақамын

-Кел, бірге тұрайық

Екеуі бірге тұра бастады. Секектеп секек қоян келді.

-Неткен үйшік! Үйшікте кім тұрады?

-Біз – жертесер тышқан, бақылдауық бақа, ал сен кімсің?

-Мен - секек қоянмын.

-Кел, бірге тұрайық

Олар үшеуі болды. Жүгіріп жылмаң түлкі келді.

-Неткен үйшік! Үйшікте кім тұрады?

-Біз – жертесер тышқан, бақылдауық бақа және секек қоян, ал сен кімсің?

-Мен - жылмаң түлкімін

-Кел, бірге тұрайық

Олар төртеу болды. Үйшікке аю келіп, есік қақты.

-Неткен үйшік! Үйшікте кім тұрады?

-Біз – жертесер тышқан, бақылдауық бақа, секек қоян, жылмаң түлкі, ал сен кімсің?

-Ал мен – жантайғыш аюмын. Үйшігіңе жантая кетсем – бәрің жаншылып қаласыңдар.

Қорқып кеткен аңдар үйшіктен қашып шықты. Ал жантайғыш аю үйшіктің үстіне жантая кетіп еді, үйшік қирап қалды. Жертесер тышқан, бақылдауық бақа, секек қоян, жылмаң түлкі, жантайғыш аю жиналып жаңа үлкен, әдемі үйшік салып, бірге өмір сүрді.



Тақырыбы: «Қызыл телпек» ертегісі

Мақсаты: *Ертегі туралы білімдерін кеңейту. Балаларға ертегіні суретпен, сахналауға үйрету.*

Сөйлеу мәдениеті, еркін сөйлеп өз ойларын дұрыс жеткізу. Баланың сөздік қорын, шығармашылық қабілетін дамыту.

Өтірік айтпауға, шынышылдыққа, ұқыптылыққа, жақсыдан үйреніп, жаманнан жиреніп, баланы жақсылыққа, үлкендерді құрметтеуге тәрбиелеу.

Автор: Ертеде кішкентай бір сүйкімді қыз өмір сүріпті. Анасы мен әжесі қызды өте жақсы көретін. Әжесі немересінің туған күніне қызыл телпек сыйлапты. Қыз әжесінің сыйлығын басынан тастамай киіп жүреді. Содан барлығы қызды «Қызыл телпек» деп атап кетіпті. Бір күні анасы бәліш пісіріп, қызына:

Анасы: Қызым, мына білішпен бір құты майды әжеңе апарып халжағдайын біліп қайтшы.

Қызыл телпек: Жарайды анашым, апарып берейін.

Автор: Қызыл телпек бәліш пен май салынған себетті алып, әжесіне аттанады. Әжесінің аулына жету үшін орман арқылы өту керек. Орманда гүл теріп, өлең айтып асықпай жүреді. Орман ішінен қыздың алдынан қасқыр шығады.

Қасқыр: Қызыл телпек, сен қайда барасың?

Қызыл телпек: Мен әжемнің үйне барамын, анам пісірген бәліш пен бір құты майды алып баражатырмын.

Қасқыр: Әжең қайда тұрады?

Теке: Ол орманның ар жағындағы ауылда, диірменнің жанында бірінші үйде тұрады.

Автор: Қызыл телпек қасқырға әжесінің тұратын жерін айтып береді. Жақын маңайда отыншылар ағаш кесіп жатқан болатын. Қасқыр отыншылардың дауысын естіп, қызға тиіспейді.

Қасқыр: Менде сенімен әжеңе барып келейін.

Автор: -деп, өзі қысқа жолды таңдап алады, ал қызыл телпекке ұзақ жүретін жолды көрсетеді. Қызыл телпек әжесіне асықпай гүл теріп келеді. Қасқыр Қызыл телпектен бұрын әжесінің үйне келіп есігін қағады.

Қасқыр: Тоқ-тоқ-тоқ

Әжесі: Бұл кім?

Қасқыр: Әже бұл мен ғой, немере қызың Қызыл телпек. Мен қонаққа келдім анамның пісірген бәліші мен бір құты май ала келдім.

Автор: Ауырып жатқан әжесі немерем келген екен деп ойлап:

Әже: Қызым тұтқаның жанында жіпті тартсаң есік ашылады.

Автор: Қасқыр жіпті тартып қалады, сол кезде есік ашылады. Қарны аш қасқыр әжені жұтып қояды. Содан соң есікті жауып, әженің қалпағын, көзіне көзілдірігін тағып алып, әженің төсегіне жатады да, Қызыл телпекті күтеді. Сәлден соң есікті Қызыл телпек қағады.

Қасқыр: Бұл кім?

Қызыл телпек: Бұл мен, Қызыл телпек немереңіз. Мен сізге анам беріп жіберген бәліш пен бір құты май алып келдім.

Қасқыр: Тұтқаның қасындағы жіпті тартсаң есік ашылады.

Автор: Қызыл телпек жіпті тартады, есік ашылып, үйге кіреді.

Қасқыр: Қызым, себетті үстелдің үстіне қойып, өзің менің қасыма кел,

Автор: Қызыл телпек бәліш пен май құйылған себетті үстелдің үстіне қойып, қасқырдың жанына жақындайды.

Қасқыр: Жолдан шаршаған боларсың, қасыма жатағой,

Автор: Әжем деп ойлаған Қызыл телпек қасқырдың жанына жатады да:

Қызыл телпек: Әже, әже, сіздің қолыңыз неге үлкен?

Қасқыр: Сені қатты құшағым басу үшін.

Қызыл телпек: Әже, әже, құлағыңыз неге сондай үлке?

Қасқыр: Сені жақсы есту үшін, қызым.

Қызыл телпек: Әже, әже, көзіңіз неге сондай үлкен?

Қасқыр: Сені жақсы көру үшін, қызым.

Қызыл телпек: Әже, әже, тісіңіз неге сондай үлкен?

Қасқыр: Сені тезірек жеу, қызым-ау!

Автор: Қасқыр бас салып қызыл телпекті жұтып салады. Байгүс қыз қыз айғайлап та үлгермейді. Осы кезде үйдің қасынан бір отыншы өтіп бара жатқан. Отыншы қасқырдың дауысын естіп, үйдің терезесінен қарайды. Үй ішінде, төсекте орнынан қозғала алмай жатқан қасқырды көреді. Оның қампиган қарнына қарап, не болғанын бірден түсіне қояды. Отыншы қасқырды ұстап алып, қарнын жарып жібереді. Қасқырдың ішінен Қызыл телпек пен әжесі дін аман шығады.

Автор: Осымен ертегіміз аяқталды.



Тақырыбы: «Күн іздеген достар» ертегісі

Мақсаты: Балаларды әдеби кейіпкерлердің әрекеттері мен жүріс-тұрысна талдау жасауға, жан-жануарларға мейірімділік білдіруге, өзара көмектесуге үйрету. Ертегі мазмұны арқылы бір-біріне қамқор болуға, сыйластыққа тәрбиелеу. Ертегіні сахналау арқылы қызығушылықтарын арттыру, тіл байлығын, ой-өрісін дамыту, рөлдерге бөліп ойнауға үйрету.

Жаздың жаймашуақ күні еді. Айналаның бәрі әдемі, көкте күн күлімдеп, шуағын шашып тұр. Күннің шуағы айналаға нұрын төгіп, жан біткеннің бәріне ерекше көңіл күй сыйлап тұрды. Жаздың осындай жаймашуақ күнінде орманда ерекше бір оқиға болды.

Бір мезетте аспанды қара бұлт торлап, күннің бетін жауып тастады. Сол-ақ екен айналаның бәрі қараңғыланып, күн күрт салқындап кетті. Найзағай ойнап жаңбыр жауа бастады. Жаураған балапан ағаштың түбіне жасырынып қалды. Қорыққанынан жылай бастады. Оны көріп қасына мысық келеді.

Мысық: Балапан, сен неге жылап отырсың?

Балапан: Аспанды бұлт торлады, күннің көзі жоғалып кетті. Мен қорқып отырмын.

Мысық: Сен қорықпа, Балапан! Екеуіміз дос емеспіз бе? Жүр, мен саған күнді іздеуге көмектесейін.

Сөйтіп екеуі күнді іздеуге шығады. Аз жүрді ме, көп жүрді ме, келе жатып, бұтаның түбінде жасырынып отырған қоянды көреді.

Балапан: Сәлем, Қоян!

Қоян: Сәлем, досым!

Мысық: Саған не болды? Неге жылайсың?

Қоян: Күннің сәулесі болмаған қандай жаман! Мен қорқып отырмын.

Мысық: Білесің бе, қоян, күн сәулесі бәрімізге қажет. Біз балапан екеуіміз күнді іздеуге шықтық. Бізбен бірге барасың ба?

Қоян: Әрине, Мысық досым! Мен де барамын.

Сөйтіп, үсті-басы су болып, тоңып қалған қоянды ертіп үш дос күнді іздеуді жалғастырады. Жолда құйрығын бұлғаңдатып, сылқым түлкі келе жатты.

Мысық: Амансың ба, түлкішек?

Түлкі: Жолдарың болсын, балақайлар!

Мысық: Түлкі, түлкі күнді қалай табуға болады?

Түлкі: Күнді қайтпексіңдер? Оны табу сендердің қолдарыңнан келе қоймас. Менің сендермен бос сөйлеп тұратын уақытым жоқ. Әтештен сұрандар, сол бәрін біледі. Ал мен кеттім!

Үшеуі қол ұстасып, әтеш досына бет алады. Әтеш келе жатқан қонақтарды көріп амандасады:

Әтеш: Ку-ка-ре-ку, ку-ка-ре-ку! Амансыңдар ма, достарым!

Балапан: Сәлем, әтеш досым!

Қоян: Әтеш досым, сен күнді қайдан табу керек екенін білесің бе?

Мысық: Бізге көмектесші, Әтеш досым, әйтпесе, барлығымыз қатты жаурадық, көңіл-күйіміз жоқ.

Әтеш: Жарайды. Мен сендерге көмектесейін. Анау таудың басындағы ақ бұлтқа жетсеңдер, ол сендерді күнге алып барады. Ку-ка-ре-ку!

Балапан: Тауға? Жоқ, мен тауға шыға алмаймын!

Қоян: Біз қалай тауға шықпақпыз? Мен қорқамын, бармаймын!

Мысық: Достар, бұларың не? Сендерсіз мен жалғыз қалай тауға шығып, күнді табамын? Күн бәрімізге де өте қажет қой.

Әтеш: Мысық дұрыс айтады. Достар қашан да бір-біріне көмектесуі керек. Достар тату, бірге болса, кез келген қиындықты жеңуге болады. Кеттік, ендеше!

Барлығы қол ұстасып биік тауға жетеді. Тауға шығу оларға қиын болды. Осының бәрін бұлт көріп тұрады.

Бұлт: Достар, сендер күннің әрдайым жарқырап тұрғанын қалайсыңдар ма?

Бәрі: Иә, иә, әрине, қалаймыз! Күн – бізге керек.

Бұлт: Олай болса, мен күннің көзін ашып берейін.

Күннің жылы шуағы жандарын жылытып, құшақтары мейірімге толған Достар қуанысып, ән айтады.